

**А. П. Пронштейн,
В. Я. Кияшко**

ҒОСАЛҒЫ ТАРИХИ ПӘНДЕР

*СССР Оқу министрлігі педагогика
институттарының тарих факультеті
студенттеріне оқу құралы ретінде
ұнатқан*

«МЕКТЕП» БАСПАСЫ, АЛМАТЫ, 1978

ИБ 872

Кіріспе және «Палеография», «Хронология», «Метрология» бөлімдерін А. П. Пронштейн, ал «Нумизматика», «Археологиялық барлау және қазба методикасы» бөлімдерін В. Я. Кияшко жазған.

П $\frac{60602-091}{404(07)-78}$ 222-78

© Издательство «Просвещение», 1973.

© Издательство «Мектеп», 1978.

049636

КІРІСПЕ

Марксизм-ленинизм классиктері тарихты «бүкіл өзінің орасан зор сан жақтылығы мен қарама-қайшылығындағы біртұтас заңды процесс ретінде»¹ ғылыми оқып үйренуге жол көрсетіп берді.

Бүгінде тарихи ғылым бірқатар жалпы тарихтық, сондай-ақ арнаулы және қосалқы тарихи пәндерді қамтиды. Жалпы тарихи пәндер бүтіндей алғанда қоғам дамуын немесе жеке елдер мен халықтардың тарихын (ежелгі дүние, орта ғасырлар, жаңа заман тарихы, Англия, Франция тарихын, СССР халықтарының тарихын т. с. с.) зерттейді. Арнаулы пәндер болса, қоғамдық өмірдің жеке жақтарының тарихын—экономикалық, саяси, әскери, материалдық, мәдениет пен право, қоғамдық ой тарихын қарастырады. Бірқатар тарихи пәндер тарихи зерттеудің методикасы мен техникасының жалпы да жеке мәселелерін тұжырымдайды. Мұндай ғылыми пәндер қосалқы пәндер деп аталады.

Қосалқы тарихи пәндердің арасында, *түп дерек тануға* ерекше орын беріледі, мұның міндеті тарихи түп деректерді тауып анықтау, оларды ғылыми жүйеге келтіру, сын көзімен талдау, зерттеу мен пайдалану методтарын тұжырымдау, әрі, ақырында адамзаттың өткен шағының тарихын баяндау үшін түп дерек бере алатындардың бәрін, нақтылы да жан-жақты алып анықтап шығу болып табылады.

Кейбір қосалқы тарихи пәндер өз алдына неғұрлым тар мақсаттарды қояды. Бұлардың бірі тарихи түп деректердің жеке түрлерін зерттеумен шұғылданады. Мәселен, *эпиграфика* тас плиталардың, металдың, сүйектің, ағаштың, саз балшық бұйымдардың үстіндегі жазуларды, *папирология*— папирустардағы жазу-сызуды, ал *нумизматика* басқа міндеттермен қатар — мәнәттердегі текстерді зерттейді. Жекелеген қосалқы тарихи пәндер өзінің назарын жазба түп деректердің сыртқы белгілерін зерттеуге аударады. *Палеография*, мәселен, жазу-сызу материалдары мен оның құралын, жазу мен өрнектеу ерекшеліктерін, *сфрагистика* — баспасөздерді, оның қосымша документтерін, ал *геральдика*,— гербтерді, орта ғасырларда кеңінен таралған ерекше айырым белгілерін зерттейді.

Қосалқы тарихи пәндердің ерекше бір тобы жазба тарихи түп деректердің жеке түрлерінің ғылыми сын тәсілдерін тұжырымдайды. Бұған, мәселен, актыларды зерттейтін *дипломатика* және әдеби шығармалардың тексі тарихына өзінің назарын аударатын *текстология* жатады.

¹ В. И. Ленин. Шығ. толық жинағы, 26-том, 58-бет.

Ақыры тарихи түп деректерді зерттеу үшін деректерді тұжырымдауды өз алдына міндет етіп қоятын бірқатар тарихи пәндерді атаған жөн. Бұлардың қатарына, ең алдымен, белгілі бір тарихи оқиғалардың уақытын анықтаумен шұғылданатын *тарихи хронология*, өлшемдер және ақша есебі системасын зерттейтін *метрология* жатқызылады. Түп деректердің ғылыми сыны үшін тарихи өткен шақтың географиясын қалпына келтіретін *тарихи география* және онымен тығыз байланысты жеке географиялық атаулардың этимологиялық құрылымын, маңызын әрі қайсыбір тілге жататындығын зерттейтін *тарихи топонимика* көп деректер береді. Тарихи түп деректерді зерттеу үшін рулардың, әулеттер мен жеке адамдардың шығу тегі мен тарихын зерттейтін *генеалогия* сияқты қосалқы тарихи пән де материал береді¹.

Зерттеушілер арнаулы және қосалқы тарихи пәндердің деректерін кеңінен пайдалана отырып, бұлардың сенімділігіне көздері жетуге тиіс. Тарихшылар, мысалы, бізге дейін жеткен жылнама тізімдердің ең ежелгісі — Синодальдік харатейлік тізім бойынша новгородтық алғашқы жылнаманың жазылуы, сапасы және материалдың өңделуі жағынан айырмасы бар үш бөлімнен тұратыны, оның бірінші бөлімі XIII ғ., екіншісі — XIV ғасырдың бірінші жартысында, ал үшіншісі — осы ғасырдың орта шенінде жазылғандығы жөнінде палеографтардың пікірін қабылдай алады. Бірақ бұл арада олар бұл қорытындыны тексере білуге, ал демек палеография негіздерін игеруге тиіс.

Ғылыми білімдердің тез өсуіне қарамастан, тіпті қазірдің өзінде-ақ, «қосалқы тарихи пәндер» саласында барлық тарихи түп деректердің бәріне бірдей мамандардың алдын ала жұмысы жеткілікті жүргізілмей отырғанын ескеру қажет: документтерді жариялағанда, даталар түп нұсқада қалай көрсетілгеніне қарай, қазіргі жыл санауға аударылмай уақыт есебінің сол жүйесі бойынша беріледі; документтерде келтірілген ұзындық, бет өлшемдері, сұйық және сусымалы денелер көлемі мен салмақтары ұғындырып берілмейді; ақша өлшем бірлігінің құны, геральдика таңбаларының, печаттардың маңызы т. с. ашылмайды, осындай жағдай орын алғанда тарихшы қазіргі ғылыми білімдер дәрежесінде бәрі түгелдей жасалғандығына үнемі сенімді бола алмайды.

Архив материалымен жұмыс істегенде тарихшылар қосалқы тарихи пәндер деректерін неғұрлым көбірек пайдаланады. Бұл

¹ Тарихи пәндердің «негізгі», «арнаулы» және «қосалқы» деген терминдерін пайдалана отырып, бұл ұғымдардың шартты екендігі еске алынуға тиіс. Қазіргі кезде тарихи материалдарды тауып, оны өңдейтін ғылымдар арасындағы шек барған сайын жойылып келеді. Археология мен этнографияны қазірдің өзінде-ақ негізгі тарихи пәндердің қатарына жатқызуға, болады. «Қосалқы пәндерге» келетін болсақ М. Н. Тихомиров пен Д. С. Лихачев мұны дәл «арнаулы тарихи пәндер» деген атпен ауыстыруды неғұрлым орынды деп санайды. Алайда А. А. Новосельский, А. И. Гуговский, А. А. Введенский және көптеген басқа да тарихшылар «қосалқы тарихи пәндер» деген терминді сақтау жағын қажет деп санайды.

арада әрбір зерттеуші бір мезетте палеограф ретінде де, метрология, хронология, сфрагистика, геральдика тағы басқа салалардағы маман ретінде де көрінеді.

1970/71 оқу жылынан бастап педагогика институттарының оқу жоспарына қосалқы тарихи пәндер курсы енгізілген. Бұған олардың ішінен тарих мұғалімінің практикалық жұмысында ерекше маңызы барлары: палеография, хронология, метрология, нумизматика және тарихи география енгізілген.

Курс теориялық білімдер минимумын беруді өзінің міндеті етіп қояды, бұлар мұғалімнің практикалық жұмысында пайдалы әрі түп деректермен жұмыс істегенде және фактілерді зерттегенде қосалқы тарихи пәндерді пайдалану методикасын көрсетуге көмекші бола алады, курс материалына сүйене отырып, мұғалім мектеп оқушыларымен бірге көне қолжазбалар мен қайың қабықтарына жазылған грамоталарды оқуды ұйымдастырып, ескі стиль бойынша берілген даталарды қазіргі жыл санауға ауыстырып, салмақ, ұзындық, аудан, сусымалы және сұйық денелердің көлемінің бұрынғы маңызын ашып, ежелгі мәнеттердің пайда болу уақыты мен қай жердікі екенін анықтайды, кейбір тарихи мәселелерді шешу үшін тарихи география мен топонимиканың жергілікті деректерін пайдалана алады.

Соңғы онжылдықтар ішінде археологиялық материал көлемі арта түсті, ал оны талдаулар методтары бұрынғыдан едәуір күрделене түсті. Қазіргі археология бірқатар қосалқы тарихи пәндерден тарихи ғылымның дербес тармағы болып бөлінді. Орта мектеп мұғаліміне бұл пәнді, әрі ең алдымен оның қосалқы бөлімі — археологиялық зерттеу методикасын білудің маңызы зор және пайдалы.

Осы уақытқа дейін «Қосалқы тарихи пәндер» курсы бойынша оқулық болған емес-ті. Курстың жеке бөлімдері бойынша басылып шығарылған оқу құралдары болса (палеография, хронология т. б.) педагогика институттары программасына сай келмейді. Бұл оқу құралында программаға сәйкес негізгі материал қысқаша баяндалған, ал жеке бөлімдер бойынша студенттер дербес оқып үйренуге тиіс әдебиет көрсетілген.

Құрал, ең алдымен сырттан оқитын бөлім студенттеріне арналған.

ПАЛЕОГРАФИЯ

ҚОСАЛҚЫ ҒЫЛЫМИ ПӘН РЕТІНДЕГІ ПАЛЕОГРАФИЯ

Палеография дегеніміз жазба түп деректердің сыртқы жағын, соның ішінде графиканы, бұлар жазылған материалды, қағаз бетіндегі судағы белгілерді, қолжазбалардың форматы мен безендірілуін зерттейтін қосалқы тарихи пән. Палеографияны білу қолжазбаны дұрыс оқып шығуға, оның пайда болған уақыты мен орнын, автордың аты-жөнін, оның дұрыстығын немесе жалғандығын, текст тарихын т. б. анықтауға көмектеседі.

Ұғымның негізгі маңызына сәйкес (грекше *παλαιός* — «ежелгі» және *γράφω* — «жазамын») палеография әуел баста ежелгі қолжазбаларды зерттеумен шұғылданды. Қазіргі кезде жаңа заманның қолжазбасының сыртқы жақтары да зерттеледі. Осыған байланысты жаңа термин — «Неография» да пайда болды.

Ғылыми пән ретінде палеография XVIII ғасырдың бірінші жартысында Францияда пайда болды, бірақ бұған дейін көп ғасыр бұрын-ақ бірқатар елдерде палеографиялық талдау тәсілдері практикалық мақсаттарда қолданылып келді. Мәселен, Россиядағы сот процестерінде XV ғасырда-ақ палеография көмегімен актылар мен грамоталардың жалғандығы талай рет дәлелденді. XVIII ғасырдың басында ескі ғұрыптағы ағалы-інілі Денисовтардың православие шіркеуі жасап шығарған өңі бұрмаланған екі документті әшкерелеуі палеографиялық талдаудың үлгісі бола алады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қолжазбалардың палеографиялық ерекшеліктеріне ғалымдар қадала көңіл аудара бастады, ал ғасырдың орта кезінде-ақ ең ежелгі славян қолжазбаларына бағалы палеографиялық байқаулары бар А. В. Горскийдің, К. И. Невоструевтің еңбектері пайда болды.

1885 жылы И. И. Срезневскийдің палеография жөнінде алғашқы басшылық құралы жарияланды, ал содан соң бірқатар оқулықтар мен еңбектер, соның ішінде Е. Ф. Карскийдің, Н. П. Лихачевтің, И. С. Беляевтың және А. И. Соболевскийдің еңбектері жазылды.

Совет ғалымдары палеографияға әрқашан да үлкен көңіл бөліп отырды. 1918 жылы В. Н. Щепкиннің орыс палеографиясы жөніндегі оқулығы басылды (1967 ж. қайта басылды), ал 1928 жылы Е. Ф. Карскийдің курсы қайта басылды. Ұлы Отан соғысынан кейін Н. С. Чаев пен Л. В. Черепниннің (1947) және

Л. В. Черепниннің (1956) келелі оқулықтары, сондай-ақ бірнеше палеографиялық альбомдар жарияланды.

Ақыры, 1966 жылы М. Н. Тихомиров пен А. В. Муравьевтің жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Орыс палеографиясы» деген арнаулы құралы даярланды.

ШЫҒЫС СЛАВЯНДАРДА ЖАЗУ-СЫЗУДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Шығыс славяндарда жазу-сызудың тууы таптық қоғамның қалыптасу кезеңіне жатады. Әуел баста қарапайым бейнелер мән ұғымдарды білдіру үшін пиктографиялық таңбалар-символдар, соның ішінде көптеген халықтарда: күнді — шеңбермен, отты — крестпен, суды — ирек сызықпен таңбалау т. б. кеңінен таралды.

Суретпен таңбаланатын бірте-бірте жазу-сызу орнына буындық жазу, ал содан соң дыбыстық (фонетикалық) жазу келеді.

Бізге дейін келіп жеткен жазу-сызудың ежелгі ескерткіштерінің саны аз болғандықтан, шығыс славяндарда фонетикалық жазудың пайда болу тарихы әлі де болса жеткілікті анықталмаған. Алайда бұның христиан дінін қабылдаудан бұрын-ақ қалыптасқандығы және елдің қоғамдық-саяси дамуының қажеттерінен туғандығы анықталды. Сол кездің өзінде-ақ, Қара теңіз маңы мен шығыс славян халықтарының жазу-сызу дәстүрлерінің негізінде, жазу-сызудың ең ежелгі таңбалары — «сызықша» мен «кесінді» таңбаларын жетілдіре түсуі жолымен ежелгі славян әліппесі пайда болды. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша бұл глаголица еді. Бұл бірте-бірте неғұрлым жетілдірілген — кириллицамен алмастырылды. Мұны жасауда Византия миссионерлері Кирилл мен Мефодийдің сіңірген еңбегі аз болмады. Екінші бір зерттеушілер кириллицалардың анағұрлым ертеде шыққандығын мойындайды, ал глаголицаның пайда болуы кейініректегі уақытқа жатқызылады да, мұны шығыс славяндар үшін өздері әліппе ойлап тапқаннан кейін Кирилл мен Мефодийге қудалау жасалғандығымен байланыстырады.

Д. С. Лихачевтің пікірі бойынша шығыс славяндарда христиан діні қабылданғанға дейін бірнеше алфавиттер болған да, тек бұлардың біреуі — кириллица ғана бірте-бірте орныққан. Жазудың бұл жүйесін жетілдірген Кирилл. Бұл жайында Л. В. Черепниннің *Москвада 1956 ж. шыққан «Русская палеография»* деген кітабының 75—111-беттерінде «Славян жазу-сызуының шығуы туралы» деген тарауында толық айтылады.

XII ғасырда жалпы құрып кеткен глаголдік жазу ескерткіштері негізінен алғанда X—XI ғасырларда аздап сақталған. Тарихшылар іс жүзінде бұларды еш жерден таба алмайды деуге болады.

Қазіргі орыс алфавитінің негізіне қарапайымырақ кириллица алынған. Әуел баста бұл 43 таңбадан тұрған (қосымшаның 1-таблицасы). Біздің бұдан әрі көрсететініміздей, кирилл әліппесінің көп бөлігі біздің заманымызға дейін ежелгі дыбысталуы

мен жазылуын сақтап қалған. Текст тұтас жол бойына, әріпке әріп қосылып жазылды. Бірақ кейбір жағдайларда қағазды үнемдеу үшін әріптерді, негізінен алғанда дауысты әріптерді немесе сөздерді жол үстіне шығаруға немесе жиі қолданылатын сөздердің жеке әріптері мен буындарын тастап кетуге жол берілді. Мұндай жағдайларда қысқартылған сөз үстіне сызық және жартылай дөңгелек түрінде ерекше таңба — титло қойылды.

КИРИЛЛ ЖАЗУЫ ГРАФИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Кирилл жазуының графикасы — өз негізінде дара графика — уақытқа орай өзгеріп отырды. Оның сан алуан түрлерінің ішінен ғалымдар үш негізгі типті — устав, жартылай устав, жедел жазу (скоропись) түрлерін бөліп көрсетеді.

1. *Устав*. XIV ғасырдың аяғына дейін үстемдік еткен устав баппен сәнді жазылатын болып келді. Мұндағы әріптердің бәрі суретке салынғандай, ап-айқын болып шығады. Бұлар тіп-тік, қатаң геометриялық формада болады. Ең ежелгі уставта бұл — квадраттар болды деуге болады, ал кейініректе жоғары қарай созылған тік төрт бұрыш болып келеді. Әріптің жоғарғы жағы, әдетте төменгі жағынан кішірек болады. Шиыршықтар тік сызыққа жайымен келіп қосылады. Әріптің жолдан шығуына, әдетте, жол берілмейді. Жеке әріптердің жазылуы мен оның уақыт өтуімен байланысты өзгерісі қосымшаның 2-таблицасында көрсетілген.

Тексте әріптер өзара қосылмайды, олардың ара қашықтығы әрқашан бірдей, текстің сөздер мен сөз тіркестеріне бөлінуі әлі жоқ. Қысқарту өте сирек кездеседі: қасиетті деген сөздерде ғана (құдай, рух және басқалар) жол беріліп, олар міндетті түрде титло астына алынады; жиікке шығарылатын әріптер көп болмаған.

Устав жазба ескерткіштері аз сақталған, ал ежелгілері — XI—XII ғасырдағылары — бірен-саран болып келеді. Бұлар: Остромиров евангелиесі (1056—1057), Святослав Изборнигі (1073—1076), Новгород Юрьев монастырына (1130) ұлы князь Мстиславтың грамотасы, Варлаам Хутинскийдің қосымша беті (1192) және басқа да бірнеше ескерткіштер.

Устав жазба өте тиімді болғандықтан, кітап қолжазба графикасында бұлар кейінгі ғасырда да, тіпті XVII ғасырға дейін пайдаланылды.

2. *Жартылай устав*. Азаматтық әдебиет дамып, іскерлік тұрғыдағы жазу-сызу таралуына байланысты XIV ғасырдың жартысынан бастап XV ғасырдың аяғына дейін тұрақтап келген жартылай устав пайда болды. Бұл әбден айқын жазу болғанымен неғұрлым жедел, сондықтан да соншалықты ұқыпсыз жазу еді.

Жартылай уставта әріптерді жазудың геометриялық, сымбаттылық принципі бұзылады. Айқын тік сызық орнына қисық сы-

зыққа, тік төрт бұрыштар орнына — үшкір бұрыштарға, ал жаймен өту орнына түзуге қисайтып апарып қоса салуға жол беріледі. Әріптер көлбейлете жазылады. (Жеке әріптердің жазылу ерекшеліктері қосымшаның 3-таблицасында көрсетілген.)

Әріптердің арасы алшақтай түседі. Көп сөздер қысқартылып, әріптер титло астына түсіріліп жазылады. Жекелеген жағдайларда текст сөздер мен сөз тіркестеріне бөлінеді. Бұл кезеңде біртұтас негіздер орыс, украин және белорус жазуының ерекшеліктері қалыптаса бастайды.

3. *Жедел жазу.* Жазу процесін едәуір тездетуді талап еткен кітап және іскерлік жазу-сызудың одан әрі дамуы XV ғасырда жедел жазудың пайда болуына жол ашты, бұл москвалық, киевтік және батыстық немесе белорустік болып бірте-бірте бөліне түседі. Жедел жазу, атап айтқанда москвалық жедел жазу, жартылай уставтан шықты, бірақ одан айырмасы: әріптерінің тұрқы аласа, ені кеңірек, созылып, шиыршықтап жазылған, пропорциональды емес болып келеді. Қалай басып, қалай созып жазам десе де, бұл жазу үшін еркіндік тән, жеке әріптердің варианттары көп-ақ және оны жеңілдету үшін уақыт өтуімен байланысты өзгерістер де тез болып тұрған (XV—XVII ғасырлардағы жедел жазудағы жеке әріптердің жазылу ерекшеліктері қосымшаның 4-таблицасында көрсетілген).

XVI ғасырдан бастап-ақ және одан соңғы жерде әріптерді біріктіріп жазу соның ішінде жолдағы әріптерді жол үстіндегі таңбамен қосу (шалып алу) барған сайын айқынырақ байқалады, көбіне титлосыз және қысқартуларсыз жазылатын анық әріптер саны көбейе түседі.

Көрсетілген белгілердің дамуы *песірлердің* жеке ерекшеліктеріне жол ашып, XVII ғасырда жедел жазудың оқылуын қиындата түсті. Сондықтан да бұл кездегі жеке әріптердің жазылу ерекшеліктерін мұқият зерттеу қажет болады. Бұлардың сипаттамасы: *М. Н. Тихомиров пен А. В. Муравьев. Русская палеография (М., 1966, 35—36-бет)* оқу құралында берілген. Осында XVI—XVII ғасырлар жедел жазуына тән болып келетін әріпті жол үстіне шығару мен қосып жазу тәсілдері келтірілген.

1710 жылы азаматтық шрифтерді енгізу орыс жедел жазуын дамытуда жаңа кезеңнің негізін қалады, бұның өзі осы заманғы жазуға барған сайын жақындай түсті. Бұл жазуға тән белгілер — жеке әріптердің жазылуын унификациялап, оңайлату, қысқарту, ал XVIII ғасырдың аяғынан бастап, шалып жазылатын әріптердің жойылуы сөздерді байланыстырып жазу, тексті қатаң ереже бойынша, сөздер мен сөз тіркестеріне бөлу және бас әріптерді қолдану. (XVIII—XIX ғасырлардағы жедел жазу графикасы қосымшаның 5-таблицасында келтірілген.)

Ұлы Октябрь социалистік революциясы орыс графикасын дамытуда жаңа кезең ашты. Қалың халық бұқарасының сауат ашуға тілек-талабына жауап бере отырып Совет үкіметі, 1918 жылдың өзінде-ақ, орыс жазу ережесінің кең реформасын жүргізді.

Алфавиттен көптен бері-ақ дербес маңызынан айрылған і, ь, о (фита), v (ижица) әріптері алынып тасталды. Бірқатар әріптердің жазылуында күш пен уақытты үнемдеу мақсаты байқалды. Бұл әріптерді қолбыратқан және олардың оқылуын қиындатқан барлық артық элементтерді жоюдан көрінеді.

Жоғарыда көрсетілген тенденциялардың бәрі осы заманғы жедел жазуда онан әрі дамытыла түсті. Егер де бұл кезеңде графика оңайлай түссе, оның есесіне қол жазуының жеке түрлері саналуан да күрделі бола түседі. Мұның үстіне тексті бейнелеудің жаңа тәсілдері — *стенография, машинаға басу* түрлері пайда болды. Бұлар негізделген принциптерді оқып үйрену біздің ғылыми пәніміздің міндетіне кіреді.

Россияда стенографиялық жазбалар жүргізудің алғашқы әрекеттері XVIII ғасырдың аяғында-ақ жасалды. Сөздерді, баяндамаларды т. б. дәл жазып алуға қажеттіктің өсуімен байланысты капитализм заманында стенография кең өріс алды. Қазіргі кезде 120-ға таяу стенографиялық жүйе бар. Бұлардың негізінде екі принцип: 1) талшық сызықтардың көмегімен қосылатын кәдуілгі жазу элементтерінен тұратын сопақша болып келіп, оның бөліктері тік сызықпен ұштасқан курсивтік (графикалық) және 2) геометриялық фигуралардан тұратын (дөңгелек пен оның бөліктерінің әр түрлі көлбеулердің тікшесімен қосылуы) және қосқыш талшық сызықтары жоқ геометриялық принциптен тұрады. Стенография системасымен танысу үшін мына кітап ең жақсы құрал болып саналады: *Н. Н. Соколов. Теоретические основы государственной единой системы стенографии. М., 1949.*

Стенографиялық жазба ажыратылып оқылғаннан кейін және тексті автор түзеткеннен кейін дұрыс деп табылады. Стенография мен оны ажырату методтары туралы мына кітапта толық айтылады: *С. А. Рейсер. Палеография и текстология нового времени. М., 1970, 43—54-беттер.*

Алғашқы жазу машиналары Россияда XIX ғасырдың 70-жылдарында пайда болды, бірақ ол кезде кеңінен тарампаған еді. Іс жүзінде, олар XX ғасырдың басынан қолданыла бастады.

Жазу машиналарында басылған текстерді зерттей отырып, мұны автордың өзі жазған ба немесе машинистка жазған ба, осыны алдын ала анықтау қажет. Егер автордың түзетулері болса онда бұларды оның қашан жасағанын анықтау қажет. Автор түзетіп, қол қойған, машинкаға басылған текст автограф болып саналады. Бұл арада әр түрлі машинкаларда басылған айнымаған бірдей екі текстің болмайтындығын еске алған жөн. Осыдан келіп тексті жасаған орын мен уақытты, автордың аты-жөнін, басқа мәселелерді де анықтап алу үшін кең мүмкіндіктер ашылады. Қараңыз: *С. А. Рейсер. Палеография и текстология нового времени. М., 1970, 39—43-беттер.*

ЖАЗУ МАТЕРИАЛЫ МЕН ҚҰРАЛЫ

Орыс қолжазбаларының басым көпшілігі *пергамент* пен *қағазда* жазылған. Тұрмыста мұның үстіне қайың қабығы да қолданылды.

Пергаментті жасап шығару үшін төлдің (бұзаудың, қозының т. б.) терісін алды да, оны мұқият өңдеп шықты. Сөйтіп, жазу үшін әдемі мықты және қолайлы, бірақ төтенше қымбат материал алынды. Бір теріден 2—3 парақ пергамент жасап шығаруға болатын еді. XI—XII ғасырлардағы орыс қолжазбалары Византиядан, Батыс Европаның басқа елдерінен әкелінген пергаментке жазылатын-ды: XIII ғасырдан бастап, тұрмыста жергілікті пергамент қолданыла бастады.

Пергаменттің қымбаттылығынан бір кезде жазылған тексті қырып тастау немесе жуып тастау жиі кездескен, ал содан соң оның орнына жаңасын жазған. Мұндай қолжазбалар *п а л и м п с е с т е р* деп аталды. Бұндай қолжазбалардың жаңа тексі ғана емес, сондай-ақ ескі тексі де бағалы, өйткені химия реактивтері мен түсті бөліп көрсететін фотографияның көмегімен оны оқуға болатын еді.

Күнделікті тұрмыстық сипаттағы жазбалар үшін XI—XV ғасырларда ежелгі Русьте өңделген қайың қабығын қолданған, демек оның ішкі ылғал бетіне үшкір таяқшамен (сүйек немесе металл) текстер тырналып түсірілген. Қайың қабығы — өте нәзік материал. Бірақ оның дымқыл жерде жақсы сақталатындығы мүлдем кездейсоқ жағдайда белгілі болған. Сондықтан да 500-ге жуық қайың қабығы грамоталары бізге дейін жетіп отыр, бірақ олардың саны әрине бұдан әлдеқайда көп болған ғой.

XIV ғасырдың бірінші жартысында жазу материалы ретінде қағаз пайдаланыла басталды. Қағазға жазылған ең ежелгі документтер: Семен Гордыйдың ағалы-інілі Иван және Андреймен жасасқан шарты (1341), Ярославск Спаск монастырына (1345 жылдар шамасы) Нижегород князі Василий Давыдовичтің жолдаған сыйлық грамотасы. XV ғасырдағы қолжазбалардың көп бөлігі қағазға жазылған, ал XVI ғасырда сирек жағдайда ғана қолданылады.

Алғашқы кездерде Россияда шетел өндірісінің қағаздары пайдаланылды: XIV—XV ғасырларда — итальян, XV ғасырда — негізінен француз, сонан соң неміс, XVI ғасырда поляк, ал XVII ғасырда голланд қағаздары пайдаланылды. XVI—XVII ғасырда Россияда өз қағаз өндірісін жолға қоюға әрекет жасалды. Бірақ тек XVIII ғасырдың бірінші ширегінде ғана бұны жүзеге асыруға қол жетті. Біршама арзан жазу материалын — қағазды қолдану — Россияның экономикалық және мәдени дамуының қажеттеріне сай келді, өз кезегінде бұл одан арғы ғылыми-техникалық прогреске (мысалы, кітап басуға) жол ашты.

Қағаз жасап шығарғанда сұйық масса рамаға керілген сым тордың үстіне құйылды. Бұл масса кепкеннен кейін, рамадан енді

дайын қағаз алынды. Мұның бетінде сымның таптары — жарыққа ұстағанда көрінетін мөлдір сызықтар болды. Фирма мен қағаз сортын таңбалау үшін фабриканттар торға ерекше сым суреттерді өрді, бұлардың табы судағы таңба немесе филиграндар деп аталады. Судағы таңбалар осы қағаздың шыққан уақыты мен жерін анықтауға мүмкіндік беретіндіктен (ал осы таңбалар бойынша қолжазбаны да) ғалымдар XVIII ғасырдың өзінде-ақ датасы қойылған судағы таңбалардың альбомдарын құрастыра бастады. Қазіргі кезде тарихшылар К. Я. Тромониннің, Н. П. Лихачевтің, Ш. Брикенің атластарын, М. В. Кукушкинаның, С. А. Клепиковтың т. б. анықтағыштарын пайдаланады.

Қолжазбаларда ұшырайтын толып жатқан судағы таңбалардың арасында ең көп тарағандары мыналар: XIV ғасырда — сызықтармен қиылған, крестпен бітетін екі шеңбер, безендірілмеген құмыра, шағын кеме, айбалта, қашып бара жатқан бұғы, XV ғасырда — үш тау, (ортаңғысында крест бар) қаз, қайшы, тиардағы папа, екі кілт, әтеш, ит, вепрь, әйел фигурасы, жүзім бұтағы, тәж, тәжі астындағы жұлдыз, якорь, дельфин, готикалық әріптер *M* мен *P*, аңшылық керней үш лилиялы герб. XVI ғасырда — биялай, әр түрлі құмыралар, француз фабриканттарының есімдері бар таңбалар, шошқалар, тиарлар, поляк гербтері, бұқа бастары, француз қалаларының гербтері. XVII ғасырда — тіске ұқсас ирек жағалы қуақы адамның басы, Амстердам қаласының гербі, бүркіт, сыбызғы, патша тәжі, «*Pro patria*» таңбасы (арыстанды ұрысқа итермелеген әйелдің аллегориялық бейнесі); XVIII ғасырда — қос басты бүркіт (мемлекеттік герб), Георгий Победоносецтің суреті салынған Москва гербі, якорь, біріктірілген төрт якорь, айбалталы аю, қағаз жасалып шыққан кәсіпорындары иелерінің герб таңбалары мен монограммалары, оның жасалынған датасы, судағы таңбалар мына кітапта неғұрлым толық айтылған; *Л. В. Черепнин. Русская палеография. М., 1956, 224—229, 335—340, 466-беттер.* Мұнда кейбір филиграньдардың бейнелері берілген. Оларды ғасырларға қарай бөлу өте шартты екендігін ескерген жөн. Көптеген филиграньдар бір ғасырдан екіншісіне ауысып отырды, кейбіреулері өте қысқа уақыт қана сақталды.

Пергамент пен қағазға текстер сиялармен жазылды, бұлар темірден, тері илейтін заттардан, шие желімінен және басқа материалдардан жасалып шығарылды. Бұлар өте тұрақты болды да, ғасырлар бойы сақталды. Қолжазбаларда немесе кітаптарда тақырыптар немесе бас әріптер сырмен, көбіне қызыл сырмен жазылған (осыдан барып орыстың «красная строка» деген сөзі — «жаңа жолдан» бастау келіп шыққан). Ерекше кітаптар мен маңызды грамоталар желімге езілген алтын түсті немесе күміс түсті бояумен жазылды.

Алғашқы кездерде қаздың қауырсыны (бұлар XIX ғасырдың ортасына дейін) қолданылды, аққу мен «түйе құстың» қауырсыны да сирек те болса қолданылды. XVI ғасырда әуелі контурлар-

ды суреттерді жиектеу үшін, ал XVII ғасырдың аяғынан бастап жазу үшін де қарындаштар пайдаланыла бастайды. XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап болат қаламұштар пайдаланыла бастайды.

ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫҢ ФОРМАТЫ МЕН ӘШЕКЕЙІ

Текстер жазылған пергамент парақтарының белгілі бір көлемі болмады. Шамамен біздің жазу қағазымыздың қос парағына тең қағаз парағының шамасы болды десек неғұрлым дәлірек болады. Іс жүзінде текстер не осындай парақта, не екіге, төртке және т. б. бүктелген парақтарда жазылды. Кейіннен бұлар тиісінше былайша белгіленді: 1°, 4°, 8° (парақ, ширек парақ, әшмөшке және т. б.)

Ең ежелгі қолжазбалардың текстері дәптерге қатталған парақтың екі жағына бірдей жазылды. Бұлардың әрқайсысы төрт қос парақтан (16 беттен) тұрды. Егер қолжазба көлемді болса, дәптерлер кітап болып тігілді. Ұзақ сақталуы үшін ол түптелді. Құнды кітаптар күміс немесе алтын жалатылып, қымбат тастармен әшекейленген былғарымен қапталып түптелді. XIII ғасырдан бастап ромбы және жүрекше тәрізді таңбалы ірі торда Византия үлгісі бойынша жасалған өрнектеу (тиснение) қолданыла басталды. XVI ғасырдан бастап бұл неғұрлым астарлы да күрделі бола түседі, XVII ғасырдың орта шенінен бастап алтындап салған өрнектер ұшырайды. Осылайша түптелген кітаптарды бұзылудан сақтау үшін, бұларға кейде сирақтар жасаған (басты шегелер қаққан).

Қымбат кітаптардың иелері, оның әрбір бетінің өзі көркем шығарма түрінде болуы үшін қам жасаған. Бұны жақсы қағазға әсемдеп жазылғандығынан ғана емес, сондай-ақ арнаулы әшекейлермен безендірілгендігінен де көруге болады. Қолжазбаның немесе тараудың, немесе кейде тіпті абзацтың басында заставкалар, яғни парақтың бүкіл енін, ал биіктігі жағынан кейде оның үштен біріне дейінгісін алып жатқан безендірілген өрнектер жасалды. Қолжазбаның қалған бөліктері инициалдармен, яғни әсем етіліп жазылған және әшекейленген бас әріптермен көріктендірілді. Кейде кітаптың жиегіне («жиектегі гүлшелер»), кітап соңына да әшекей жасалды.

Осы аталған ою, әшекейлердің бәрі белгілі бір стильде болды. XI—XII ғасырларда стильдеген нәрселер кірістіріліп жазылған (негізінен алғанда өсімдік дүниесі), ең қарапайым геометриялық фигуралардан тұратын көне орыс немесе көне Византия ою-өрнегі басым болды. XIII ғасырдан бастап оюларда ұлттық, халықтық сарындардың ықпалы мен сюжеттері орын алды. Өзара өрімделген белдіктер мен бұтақтардың фонында рамка ішінде және одан тыс фантастикалық жануарлар — аждаһалар, грифтер, арыстандар бейнеленді. Ою-өрнектің мұндай стилі ғажайыптық (тератологиялық) деп аталады.

XVI ғасырдың ортасынан Россияда басталған кітап басудың жағдайларына орай жаңа ою-өрнек туды. Әшекейлер тек екі түсте — аққа қарамен немесе керісінше қараға ақпен жасалды. Бейнелердің көпшілігі аралықтарына стильденген гүлдер және басқа өсімдіктер салынған геометриялық формалар, әсіресе дөңгелектер мен квадраттар болады. Штрихтар қолданыла бастайды.

Бұдан әрі кітап басудың жетіле түсуі ою-өрнекті күрделілендіруге мүмкіндік берді. Оқырмандардың талғамына сәйкес (XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап) ою-өрнек үш түсті болды да, өнер үстемдік еткен стильдердің — XVII ғасырда — барокко, XVIII ғасырда — рококо, ал XIX ғасырдың басында — ампира стильдерінің ықпалына ұшырады.

Оқиғалардың ашпа беттеріне онда не туралы айтылатынын бейнелейтін миниатюралар көптеген құнды қолжазбалардың әшекейі болды. Ашпа беттегі бейнелер ежелгі шіркеу кітаптарында, кейбір көне сыйлық грамоталарында ұшырайды. Миниатюралардың көпшілігі белгілі бір жылнамаларда бар, мысалы, Радзивиллов (немесе Кенигсберг) жылнамасында XVI ғасырдың екінші жартысындағы 12 томдық жылнама жинағының ашпа бетінде бар, бұнда 16 мың бейне салынған т. б.

Бұлар XVII ғасырдың ескі ғұрып қолжазбаларында да ұшырайды. Кітап басудың дамуымен байланысты ашпа бет бейнелерді кітап гравюрасы бірте-бірте ығыстыра түсті.

Миниатюралардағы бейнелеу тәсілдері заказ берушінің де, орындаушының да көркемдік талғамдарына сай келді. XI—XIII ғасырлардың пергамент қолжазбаларының ашпа бет бейнелері сол заманның фрескалық және мозаикалық бейнелеріне тән монументальдығымен көзге түседі. Сыры қалың, ашық етіліп жағылатын еді.

XIV—XV ғасырларда пергамент қолжазбалардағы суреттер әлі де болса монументальды живописьтің ескі дәстүрлерін ұстады. Алайда қағаздың пайда болуы неғұрлым жеңіл акварельді живописьті игеруге мүмкіндік берді. А. Рублев живописінің ықпалына түскен XV ғасырдағы миниатюра жасаушылардың творчествосында, икона салу тәсілдерін сақтай отырғандығымен, реалистік тенденциялар болғандығы да байқалады.

XVI ғасырда — XVI ғасырдың бірінші жартысында миниатюралар станоктық, ал содан кейін портреттік живописьтің («парсун жазуы») ықпалын бастан өткереді, реалистік тенденциялар бұдан арғы жерде Симон Ушаковтың есімімен байланысты болады. Шартты түрде алынғандығына қарамастан, олар көптеген тарихи оқиғалар мен орыс халқының тұрмысы — қолөнерші мен шаруаның еңбек қызметі, соғыс шайқастары, вече жиналыстары, халық көтерілістері т. б. туралы нақтылы ұғым береді. Бұл мәселе жөніндегі қызықты материалды мына кітаптан табуға болады: О. И. Победова. *Миниатюры русских исторических рукописей (к истории русского лицевого летописания)*. М., 1965.

Кітаптан айырмашылығы — грамоталар парақтың бір жақ бетіне жазылды, мұны қолайлы болу үшін екіге немесе үшке тіліп бөлді. Егер де осындай бір парақ жетпесе онда бұған екінші, үшінші парақтар жапсырылды. Сонда лента («столпец») болып шықты, мұның екінші жағына дьяктар өз белгілерін, ал түзетуге жол бермеу үшін жапсырылған жерлеріне «скрепа» жасады. «Столпецтер» XVI—XVII ғасырларда Москва приказдарының іс жүргізу практикасында әсіресе кеңінен қолданылды. Бұлардың көпшілігі мазмұны жағынан өзара байланысқан документтердің бүтін сериясынан тұратын. Мұндай «столпецтер» көбіне 15—20 м, тіпті одан да ұзын болатын. Сондай-ақ жеке документтердің көлемі де бұдан кем болмайтын, көбіне бұдан әлдеқайда артып кетіп те отырды. Мәселен, 1649 жылғы Собор уложениесінің түп нұсқа тексі біріктіріп жапсырылған 959 парақтардан тұрған «столпецтер» болып келеді де, ұзындығы 300 метрден асады.

«Столпецтер» шиыршықтап оралатын да, оларды сақтау қолайсыз болатын. Сондықтан да XVIII ғасырдан бастап парақтар дәптерге тігілетін болды. Осы уақыттан бастап парақтарды жолақ етіп тілуді қояды да, парақтың екі жағына бірдей жаза бастайды, бұл қағазды үнемдеуге мүмкіндік береді. Бір мазмұнды немесе тектес маңызды материалдары бар дәптерлер біріктіріліп, буылды. Мұндай «буындылар» нөмірленді де, канцелярия архивтерінде сақталды (XVIII—XIX ғасырлар). Қолжазбаларды әсем етіп көрсету үшін ерекше декоративтік жазба — вязь жиі қолданылды, мұнда қысқартып және әсемдеудің көмегімен текст біркелкі және тегіс өрнектеумен байланыстырылды. Бұл жағдайларда әсіресе алдыңғы және кейінгі әріптер үшін қайсыбір белгілерді немесе сызықтарды пайдалану, бір әріпті екіншісіне бағындыру немесе екі әріпті бір-біріне бағындыру кеңінен қолданылды. Әдетте вязь арқылы қолжазбаның бас тақырыбы немесе бастапқы бөліктері ерекшеленді. Бұлар көбіне қызыл немесе қандайда болсын басқа бір ашық бояумен жазылатынды.

Вязьбен жазылған текстері бар алғашқы орыс қолжазбалары XIV ғасырдың аяғына жатады. XV ғасырда вязь өте кеңінен таралады, ал XVI ғасырда кейбір ірі қалаларда — Москвада, Новгородта, Псковта — вязь жазуының өз стилі қалыптасады. Бұлар XVII ғасырдың ортасына қарай бірте-бірте унификацияланады. Оның бүкіл тарихының өн бойында жазудың бұл түрінің өзіне тән белгісі — әріптің биіктігін ұлғайтуға ұмтылу. Егер де XV ғасырда әріптің биіктігі енінен әдетте 3—4 есе ұзын болса, енді XVII ғасырда бұл қатынас 10—12-ге дейін артады. Мұндай әріптер енді қиын оқылады. Вязьдің мұндай белгісі XVIII—XIX ғасырлардағы шіркеу кітаптарында да болды. Вязь үлгілерімен мына кітаптан танысуға болады: *В. Н. Щепкин. Русская палеография. М., 1967, 40—55-беттер.*

ҚҰПИЯ ЖАЗУ

XII ғасырдың өзінде-ақ кәдуілгі жазу емес, қайдағы бір ерекше маңыздағы, арнаулы адамдарға ғана түсінікті жазу таңбалары қолданыла бастады. *Криптография* немесе *құпия жазу* осылай шықты. Орта ғасырларда батыста да, Россияда да құпия жазу автордың атын белгілеу үшін пайдаланылды, өйткені қолжазбада автор жөнінде ашық айту ұят, тіпті күнә деп саналды. Осы кездерде және кейініректе криптограммалардың көмегімен саяси, діни, дипломатиялық, таптық және басқа тұрғыдан алынып текстер ажыратылып оқыла басталды.

Қазіргі кезде белгілі орыс криптограммаларының барлығы дерлік ажыратылып оқылды. Бұл жұмыс біздің палеографтарымыздың құпия жазу тәсілдерін мұқият зерттеулеріне негізделген. Бұлардың ең маңыздылары: 1) кириллицаларды басқа алфавиттің әріптерімен — глаголица, грек, латын әліппесімен алмастыру; 2) әріп орнына шартты таңбаларды қолдану; 3) литореяларды немесе «тарабар грамоталарын» қолдану мұнда барлық дауыссыздар (кейде дауыстылар да) екі қатарға бөлінеді, бұлардың әрқайсысында әріптер қос-қостан өзара бірін-бірі алмастырады; 4) пермь әліппесін пайдалану; 5) әріптердің қысқарған кескіні; 6) әрбір сөз тіркесінде әріптерді кері тәртіпте жазу; 7) бірте-бірте мейлінше көп тараған есептік жүйе дейтінді пайдалану, мұнда әріптердің орнына ежелгі орыс тіліндегі оларға сәйкес цифрлар қойылады.

Криптограмманы дұрыс оқып шығу үшін, мұның қай жүйеде жасалғандығын анықтап алу, ал содан соң таңбаларды тиісінше алмастыру қажет. XV ғасырдағы Кирилл-белозер монастырының бір жинағынан мынаны оқимыз: «Аще хощеси уведати имя писавшаго книгу сию, и то ти написую: десятирица сугубая и пятерица четвертицею; и един; десятирица дващи; и един; десятъя четыре сугубо и четырежди по пяти; дващи два с единым; единица с четвертицею сугубо».

Мұнда есеп жүйесі қолданылған, бұны былайша ажыратып оқуға болады (1-таблица).

1 - т а б л и ц а

Криптограмма	Мұның цифрлық мәні	Әріптері
Десятерица сугубая и пятерица четвертицею; и един;	$10 \times 2 + 5 \times 4 = 20 + 20 = 40$ 1	м а
десятерица дващи; и един;	$10 \times 2 = 20$ 1	к а
десятъя четыре сугубо и четырежди по пяти;	$10 \times 4 \times 2 + 4 \times 5 = 80 + 20 = 100$ $2 \times 2 + 1 = 5$	р е
дващи два с единым; единица с четвертицею сугубо	$1 \times 4 \times 2 = 8$	и

Шыққан әріптерді қатарлап қойып оқысақ осы кітапты жазушы — Макарей екен деп білеміз.

XVIII ғасырдың басындағы криптограмма сақталған: «Рполежек виюпом лмюж шагин япабот». Бұл литорея, немесе «тарабар грамотасы» принципіне негізделген, мұнда әріптер былай алмастырылады:

я, ы, щ, ш, ч, у, р, о, н, л, з, е, д, в,
ю, у, х, ф, т, с, п, и, м, к, ж, а, г, б.

Жоғарыда келтірілген текске жоғарғы қатардағы әріптердің орнына төменгі қатардағы әріптерді қойып немесе керісінше қойсақ, төмендегідей текст шығады: «Приказал боярин князь Федор Юрьевич». Құпия жазу туралы мына кітапта толық жазылған: *Л. В. Черепнин. Русская палеография. М., 1956, 261—266, 389—397-беттер.*

ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕР ПРОЦЕСІНДЕ ПАЛЕОГРАФИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Графиканың даму заңдарын анықтай отырып, палеография ең алдымен қолжазбаны дұрыс оқуға және алғаш қарағанда оқуға қиын болып көрінетіндей жерлерді ажыратуға мүмкіндік береді. Бұл үшін қолжазбаны оқығанда графика туралы жоғарыда келтірілген материалға сүйенген жөн. Сонымен бірге жеке палеографиялық белгілер мен олардың жиынтығы тек филологиялық қана емес, сонымен бірге тарихи көзқарас тұрғысынан да маңызды мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұлардың бірі документтің шығу уақыты туралы мәселе болып табылады. Тарихшы үшін бұл өзінен өзі ғана маңызды емес, сондай-ақ бұл документте оқиғалар мезгілі белгіленгендіктен де маңызды болып шығады.

Түп деректің пайда болған уақытын оның графикасы әрдайым онша дәл көрсете бермейді. Бұл бұрын қолжазба пайда бола алмайтын межені анықтай алады. Синодаль харатейск тізімі бойынша Новгородтың бірінші жылнамасының жазуын зерттеу негізінде Б. М. Ляпунов пен А. Н. Насонов оның бірінші бөлімі XIII ғасырда, ал екіншісі XIV ғасырдың бірінші жартысында жазылған деген қорытындыға келді.

Осы заманғы техникалық құралдардың көмегімен пергаменттің жасалған уақытын анықтау қиын емес, өйткені әдетте, ол жатып қалмаған да, шығарылған бойда пайдаланылған, сондықтан осы жолмен де оның шыққан уақытын білуге болады.

Қағазда жазылған текстер судағы таңбалар бойынша неғұрлым дәл даталанады. Бұл үшін даталанбаған қолжазбалардың судағы таңбаларын уақыты дәл көрсетілген жоғарыда аталған альбомдардың судағы таңбаларымен салыстыру керек. Осындай жолмең бізге дейін жеткен бірден-бір даталанбаған, филигрань сфералы 1447 жылғы Судебник тізімі XV ғасырда — XVI ғасыр басында жасалған қағазға жазылғандығы анықталып отыр.

СССР Ғылым академиясы Тарих институтының Ленинград бөлімшесінің архивінде сақталып отырған 1550 жылғы Судебник тізімі кеме мен сфераны сызық кесіп өткен бір ұшында лилия, ал екінші ұшында жүрек бейнеленген филиграньға қарағанда XVI ғасырдың 60-жылдарының қағазында жасалған. Мемлекеттік тарихи музейдегі «Сказания о князьях владимирских» тізімі құмыра түріндегі судағы таңбасы бар қағазға жазылған. Бұл да XVI ғасырға тән болып келеді. Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады.

Филиграньдардың көмегімен қолжазбаның бұрын пайда болуы мүмкін емес датасын анықтау онша қиынға түспейтінін ескеру керек. Бірақ әлденеше он жылдар бойы қолданылмай жатып қалған қағазға түсірілу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Алайда зерттеушілер қағазды жасап шығару мен оны «іске жұмсаудың» арасындағы ең көп тараған интервалды табуға мүмкіндік алды. Осы мақсатты көздеп, филиграньдары бар қолжазбалардағы барлық даталар ескерілді. Қағаз құйылып шыққаннан кейін негізінен 2—5 жылда пайдаланылған болып шықты және кей жағдайда ғана 6 жылдан астам жатып қалғандары болған.

Автордың қолымен түгелдей жазылған және оның жеке өзінің түзетулері мен қосымшаларының ізі бар түп қолжазба сақталған жағдайларда ғана оның пайда болған жері мен авторының аты-жөнін анықтауға мүмкіндік болады. Ленинград Мемлекеттік көпшілік кітапханасында «Служебная чертежная книга» сақталған. Оның бас тақырыбында мұны XVII ғасырдың екінші жартысының әйгілі Сибирь картографы Семен Ремезов пен оның ұлдары жасағандығы көрсетілген. Кітапта орналастырылған чертеждер және оның үстіндегі жазулар үш түрлі болып келеді. А. И. Андреев бұлар Семен Ремезовтың өзі мен оның ұлдарының үлкендері Леонтий мен Семенге тиісті екендігін анықтаған.

Қол жазуына қарай қолжазбалардың кімдікі екендігін анықтай отырып, өте сақ болу қажет. Документті басқа бір кісі сақталмаған түп нұсқадан көшіруі немесе айтып жаздыруы мүмкін. Мұндай жағдайларда авторын анықтау үшін қол жазу түкке тұрмай қалады. Түп нұсқа сақталғанмен қол жазу әр түрлі болып шығатын жайттар да кездеседі. Мұнда текстің мазмұны мен тарихына сүйене отырып, ненің авторға, ненің канцелярист көшірмеге тиісті екендігін анықтаған жөн.

1666—1667 жылдарға қатысты Посольдық приказ қағаздарының арасында «Извещение истинное с началу войны о Кieve с Украиной и царства Московского с королевством Польским миру быти крепко» деген документ бар. Мұның авторы аталмаған. Бірақ барлық сақталған төрт тізімді зерттегенде бұларда негізгі тексті бір қол жазумен, ал барлық түзетулер мен қосымшалар басқа бір адамның қол жазуымен жасалғандығы анықталды. Бірінші қол жазу арқылы бір тізімнен екінші тізімге екінші бір адам жасаған барлық түзетулер қалай болса солай көшірілгендіктен, әрі бұл түзетулер мен қосымшалар елеулі бол-

ғандықтан, ғалымдар документтің шын авторы — көшіріліп жазылған канцеляр тексті алған және тізімнен тізімге үнемі түзету енгізіп отырған адам деп саналуы жөн деген қорытындыға келді. Бұл қол жазу Ордин-Нащекинге тиісті еді. Оны осы документтің авторы деп есептеу керек болды.

Палеографиялық деректер тарихи материалдардың арасында жиі кездесетін подделкаларды табуға мүмкіндік береді. Осы мақсатпен зерттеуші, ең алдымен документтің қандай материалға және немен жазылғанын зерттеуге тиіс. Егер де қолжазба төл тума саналса, бірақ бұл әлі қолданыла қоймаған материалда (пергамент, қағаз) немесе филиграньдеріне қарағанда қолжазба даталанған уақыттан гөрі кейінірек пайда болған қағазда жазылған болса, мұны подлог (жалған) деп санаған жөн.

XIX ғасырдың басында өмір сүрген, қолжазбалардың әйгілі фальсификаторы антиквар А. И. Бардин XIV ғасырдың аяғында жасалды мыс делінген документтер подделкасын пергаментте жасап шығарды. Осы іспетті шынайы қолжазбалар мөлдірлеу келген, әр жері шіріп кеткен және тесіктері бар қоңырқай сарғыштау болып келеді. Қолында осындай материалы болмағандықтан Бардин неғұрлым кейініректегі пергаментті өңдеу жолымен, ескірген түрге келтіреді. Сөйтіп, бұл, негізінен оның қолынан келгенімен түптерінде қалайда өңделмеген жерлер қалып қойған, осыған қарап оның подделка екендігі анықталды.

Алайда подделка үшін жасалу уақытына сай материал тауып алынуы мүмкін. Онда подделканы табу үшін документ графикасы көмектеседі. Қандай да болсын фальсификатордың жұмысында ең алдымен графика туралы оның ұғымы өзі өмір сүріп отырған уақытқа сай келуі себебінен онда қателіктер болады. Оның үстіне палеография саласындағы оның танымы әдетте шектеулі болып келеді. Көбіне фальсификаторлар өздерінің подделкаларын жатқызатын заманның жазуының сипаты туралы жалпы түсініктің ғана болуы жеткілікті деп санайды. Тіпті бұлардың арасындағы ең маманданғаны жоғарыда көрсетілген А. И. Бардин XI—XIV ғасырлар қолжазбаларын өңін айналдыра отырып, ол кезде устав жазуы қолданылғандығын жалпы түрде ғана білді. Бірақ оған, палеографтар XIX ғасырдың екінші жартысында ғана анықтаған бұл жазудың кезеңдеріне қарай айырмашылығы бар екендігі мәлім емес еді. Ол XIV ғасырдың аяғында жартылай уставтың пайда болғандығын да білмеді. Ал кейбір жағдайларда XIV ғасырдан да ертедегі қолжазбаға ол, кейініректе анықталғанындай, жедел жазуға ғана тән сызықтарды пайдаланды.

Шынайы қолжазбаны өшіріп қыру жолымен жасалған басқа да подделкалар мәлім. Бұлар қолжазба жазылған фактураның өзін мұқият зерттеудің негізінде анықталады. XIX ғасырдың өзінде-ақ мұндай жұмыс өзінің жемісін берді. Бірақ криминалистік ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып, қазіргі ғалымдар едәуір алға кетті. Совет зерттеушілері жүргізген документтер фак-

турасын зерттеу методикасына қия және тікелей түскен жарыққа қағазды ұстап, қарау енеді: сонда қағаздың жұқарған жерлері немесе сабалақтанған талшықтары, кейде қырып тазартылған штрихтардың формасы, сондай-ақ қайта түзеткенде қосып жазылғанды көруге мүмкіндік болады. Жай көзбен қарап көргенде ажыратылмайтын неғұрлым ұсақ бөлшектерді немесе ерекшеліктерді анықтау үшін лупа мен микроскоптың және бірқатар басқа тәсілдердің, соның ішінде кейіннен мейлінше үлкейтілуге тиісті фотоға түсірудің зерттеудің рентгендік және спектрофотометрикалық методтарын қолданудың көмегімен қарап көріледі.

Ақырында, палеографияның көмегімен ескерткіштің жасалу тарихын анықтау, ежелгі Русьтің жекелеген орталықтарында өздеріне тән еңбектің техникалық бөлінісі бар жазу шеберханаларының болғандығын анықтау, сондай-ақ тарихшылар үшін бірқатар басқа да маңызды мәселелердің барлығын анықтау қолдан келеді.

ХРОНОЛОГИЯ

ҚОСАЛҚЫ ТАРИХИ ПӘН РЕТІНДЕГІ ТАРИХИ ХРОНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Хронология — уақыт өлшемі туралы ғылым. Ол өзінің атауын гректің «χρονος» — «уақыт» және «λόγος» — «ғылым» деген сөздерінен алған. Бұл ғылым екі бөлімнен: аспан денелерінің қозғалысын есептеп шығару жолымен дәл астрономиялық уақытты табатын *математикалық (астрономиялық) хронология* және *тарихи хронологиядан* тұрады.

Тарихи хронология өз алдына екі міндетті — теориялық және қолданбалы міндетті қояды. Біріншісі уақытты есептеу жүйесін зерттегенде оларды тарихи дамуы үстінде қарастырады, олардың арасындағы өзара қатынасты анықтайды және даталарды бір хронологиялық жүйеден екіншісіне аудару принциптерін жасап шығарады. Екіншісі оқиғалардың датасын қазіргі эраға және жыл санаудың жалпы қабылданған жүйесіне аудару үшін, осыған байланысты тарихи оқиғалардың датасын анықтау және нақтылау үшін жоғарыда көрсетілген ережелерді жүзеге асыруды қамтиды.

Қосалқы тарихи пәндердің ішінен хронология ең маңыздыларының бірі болып саналады, өйткені тарихтың қандай да болсын кесегін оқып үйренудің негізгі шарты оқиғалардың жүйелілігі мен датаны дұрыс қою болып табылады. Хронология методтарына сүйене отырып тарихшы тарихи документтер мен фактілердің дәл датасын қалпына келтіреді. Бұл міндеттерді дұрыс шешу үшін белгілі бір тарихи кезеңдегі белгілі бір халықтың қолданған уақыт өлшеуінің қалыптасуымен ерекшеліктерінің бүкіл тарихын жақсы білу қажет.

Уақыт есебі туралы мәселені бір мемлекет шеңберінде қарастыруға әрекеттену, әдетте, елеулі қиыншылықтарға кездестіретінін ескерген жөн. Халықтардың көп ғасырлық қатар өмір сүруі, экономикалық, саяси және мәдени байланыстар календарлық жүйеде көптеген элементтердің араласып, өзара алмасуына алып келді. Бұның үстіне көп ұлтты мемлекеттерде уақыт есебі әр ұлттарда әр түрлі болуы мүмкін. Мәселен, біздің елімізде халықтардың бірінің календарлық жүйесі уақыттың Күн есебі дейтінмен жүргізілсе, ал екінші біреулері уақыт есебін Айға қарап жүргізді. Екі тәсіл де алғашқы ежелгі шығыс календарларынан шыққан. Сондықтан да СССР тарихшысы бүкіл дүние жүзі ха-

лықтарының уақыт есебінің пайда болып, даму процесімен және ең ежелгі заманнан бастап осы уақытқа дейінгі календарьлардың негізгі жүйелерімен таныс болуға тиіс.

ҒЫЛЫМИ-ТАРИХИ ПӘН РЕТІНДЕ ХРОНОЛОГИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Уақыт ішінде белгілі бір жүйелілікпен тарихи оқиғаларды орналастыру принципін ежелгі дүниенің сонау алғашқы тарихшылары да білген. Осы принциптің өзі орта ғасырлар тарихшығармалары — орыс жылнамалары мен Батыс Европа мемлекеттері хроникаларының негізіне алынды. Хронология проблемалары бойынша алғашқы ғылыми трактаттар да ерте пайда болды. Шежірелік оқиғаларға даталар қоюмен байланысты бірқатар мәселелерді шешудің қажеттілігінен ежелгі Русьте, XII ғасырдың өзінде-ақ, хронологиялық мәселелерге арналған новгородтық Кириктің еңбегі шықты.

Бұдан былай да Орыс мемлекеттерінде православие шіркеуінің қажеті үшін календарьлық анықтағыштарды шығару жұмыстары талай рет жүргізілді. Бұл жұмыстар, әсіресе XV ғасырдың аяғынан бастап белсенді түрде жүргізіле басталды, өйткені «дүниенің жаралуынан» (бұдан былай «СМ» (сотворения мира) деп алынады) бастап есептелген жыл санауда жетінші мыңдық бітті (1492+5508), пасхалийді келесі мың жылдыққа құрастыру қажеттігі туды.

XVI—XVII ғасырларда хронология мәселелеріне ынта қою Россияда кейбір практикалық қажеттіктерге де байланысты болды. Бірақ тарихи хронология дербес ғылыми пән ретінде XVIII ғасырдың аяғында — XIX ғасырдың басында ғана қалыптаса бастады. Россияда хронологияға ғылыми тұрғыдан ынта қоюды дамытудағы маңызды кезең XX ғасырдың басына жатады. Ол юлиан календары реформасын әзірлеуге байланысты болды. Бұл кезеңде орындалған тарихи хронология жөніндегі жұмыстардан, ең алдымен Н. В. Степанов пен Д. О. Святскийдің еңбектерін атауға болады.

Алайда Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін хронология ғылым ретінде әлі де болса қалыптасу сатысынан шыға алмаған еді. Құнды бақылаулармен және қорытындылармен қатар көптеген еңбектерде хронологиялық ұғымдарды шатастырулар, оқиғаларға дата қоюда қателер жиі ұшырайды. Бұл ғылыми пән бойынша жинақталған еңбектер болмады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін хронология қосалқы тарихи пән болып түпкілікті қалыптасты. 20-жылдары мұнымен А. М. Большаков, И. Ф. Полак, Г. П. Саар, С. Н. Быковский, ал 30-жылдары В. А. Россовская, В. К. Никольский және басқалар шұғылданады. 1939 жылы (қолжазба күйінде) хронология жөнінде Н. В. Устюговтың лекциялар курсы, ал 1944 жылы Л. В. Черепниннің оқу құралы пайда болды.

Ұлы Отан соғысынан кейін тарихи ғылымның жалпы өрлеуімен байланысты хронологияға, оның ішінен тарихи хронологияға ынта қою едәуір өсті. Жалпы хронология жөнінде С. И. Селешниковтың, жылнама жөнінде Н. Г. Бережковтың, А. Г. Кузьминнің еңбектері, сондай-ақ мұсылман, түрік-монғол және жыл санаудың басқа да жүйелері бойынша бірқатар жұмыстар жарияланды. 1967 жылы университеттердің студенттеріне арналған хронология жөніндегі Е. И. Каменцеваның оқу құралы басылып шықты.

УАҚЫТ ТУРАЛЫ ҰҒЫМ. УАҚЫТ ЕСЕБІНІҢ ШЫҒУЫ

Уақыт туралы түсінік адамдарда белгілі бір табиғат құбылыстарымен байланысты қоғамдық дамудың алғашқы сатыларында-ақ пайда болды, ал шаруашылық тіршілігінің мұқтаждары уақыт өлшем бірлігін орнатып, оларды есепке алу қажеттігін тудырды. Адамдар әрқашан уақыт аралығындағыны қабылдады, күн мен түннің ауысуын біліп отырды, қоршаған ортаның әсерімен байланысты жыл мерзімдерін айырды. Бірақ уақыттың арнаулы есебі және оны іс жүзінде қолдану, бері келе дамыған қоғамда, егіншіліктің, мал шаруашылығының сауда мен теңізге жүзудің пайда болуымен байланысты шығады.

Адамзат тарихында уақыт өлшеудің алғашқы өлшем бірлігі күн тәуліктері, яғни белгілі бір нүктедегі Күннің екі дәйекті жағдайының арасындағы уақыт кесіндісі болды. Өз осінің төңірегінде жер шарының айналуы жыл бойында бір қалыпты емес және оның эллиптикалық күн маңы орбитадағы орнына байланысты болғандықтан, есептеп шығаруға қолайлы болу үшін өлшем бірлігіне әдетте орташа күн тәуліктерін, яғни идеальды дөңгелек орбитада біркелкі айналғанда ось төңірегіндегі айналымға Жердің жұмсай алатын уақыт кесіндісін алады. Тәулікті сағатқа, минут пен секундқа қазіргі бөлу өзінің шығу тегін есептеудің ежелгі вавилондық он-екілік жүйесінен алады.

Тәуліктер уақыттың біршама қысқа аралығы болып табылатындықтан, уақытты өлшеудің бірте-бірте неғұрлым ірі өлшемі ойластырылды. Алғашқы кездерде тәулік есебі саусақпен жүргізілді. Осының нәтижесінде уақытты өлшеудің он күндік (декада) және жиырма күндік өлшем бірліктері пайда болды. Астрономиялық құбылыстарға негізделген есептеу де орныға бастады. Уақытты өлшеу бірлігіне Айдың екі біркелкі фазасының аралығы алынды. Айсыз түндерден кейін жіңішке ай орағының пайда болуын байқау барлығынан оңай болғандықтан, осы сәт жаңа айдың басы делініп қабылданды. Осы уақыттың аяғында Күн мен Айдың жақындасуы болады деп саналды. Сондықтан да жаңа айдан жаңа айға дейінгі мерзім синодистік ай деп аталды («синодос» — «жақындасу» деген грек сөзінен). Бұл ай шамамен $29\frac{1}{2}$ тәулікке; ал бұдан арғы нақтылау бойынша — 29 тәулік 12 сағат 44 минут 2,9 секундқа тең болды. Ал фазаларының өзгерісі

айды шамамен төрт тең бөлікке бөлуге мүмкіндік берді: бұлардың басы айдың тууына, аспан әлемінде жарты айдың тууына сонан соң толық ай мен тағы да жарты дөңгелекке, бірақ енді қарама-қарсы жаққа қараған жарты дөңгелекке сай келетін еді.

Шаруашылық тіршіліктің, әсіресе егіншілік пен мал шаруашылығының одан әрі дамуы жазғы және қысқы күн тұрақтауы мен көктемгі және күзгі күн теңесуімен анықталатын маусым бойынша уақытты есептеу қажеттігін тудырды. Жыл мерзімінің тұрақты ауысып отыруы енді ежелгі дүние астрономдарына жұлдызды аспан бойынша Күн қозғалысымен, ал іс жүзінде Күн төңірегіндегі Жер қозғалысымен маусымдардың байланысын орнатуға мүмкіндік берді. Уақытты өлшеудің тағы да бір өлшем бірлігі — Жердің Күн айналасында толық айналуына сәйкес келетін жыл осылай келіп шықты. Астрономиялық жылдың ұзақтығы $365\frac{1}{4}$ тәулік, ал кейінірек нақтылағанда — 365 тәулік 5 сағат 48 минут 46 секунд болып анықталды.

АЛҒАШҚЫ КАЛЕНДАРЬЛАР

Уақыт санаудың табиғат берген есептеу бірліктері — тәуліктер, ай және жыл — ең ежелгі календарьлардың негізіне алынды.

«Календарь» сөзі латынша *calendae*, яғни «әр айдың бірінші күні» деген сөзден шыққан, бірақ табиғаттың кезенді құбылыстарына негізделген уақыт санау жүйесінің өзі едәуір ертеде шыққан.

Календарьды алғашқы құрастырушылар үлкен қиыншылықтарға ұшырады, өйткені жоғарыда аталған уақытты есептеу бірліктері өлшем болып шықпады. Синодистік айдың тәулік саны бірдей болмады, ал астрономиялық жылды ай мен тәуліктің бірдей санына бөлуге болмады. Бұл жағдай адамдарды берілген бірліктердің келісілген деректерін іздеуге мәжбүр етті, бұл бірнеше календарьлық жүйені тудырды. Бұлардың ең көп тарағандары *айлық жүйе*, мұнда тәуліктер аймен үйлестірілді, *айлық-күндік*, мұнда тәулік пен ай жылмен үйлестірілді және *күндік*, мұнда жыл мен тәулік үйлестірілетін еді.

Айлық календарьлар біздің эрамызға дейінгі үшінші мың жылдықтың ортасында ежелгі Вавилонда пайда болды. Бұларды ертедегі еврейлер, қытайлар, гректер, римдіктер пайдаланды. Қазіргі уақытта ай календары Шығыс елдерінде — Түркияда, Ауғанстанда, Пакистанда т. б. таралған.

Айлық календарь бойынша жаңа айдан бастап әрбір ай ауыспалы түрде 29 және 30 тәулікке созылады. 12 ай айлық жылды құрайды, бұл 354 тәулікке тең болады. Іс жүзіндегі тәуліктер календарьлықтан біраз көп болғандықтан, синодистік ай да календарьлық айдан біраз (44 минут 2,9 секундқа) артық еді. Бұл қайсыбір жылдар саны өткеннен кейін календарьлық жылға бір жыл қосуды керек етті.

Айлық календарьдың жылына қосымша күн енгізудің екі сис-